

КЕЛІСІЛДІ

«ШҚО кәсіптік білім беру
орталығы» КММ директоры

 А.Ақылбек

«» 2020 ж.

БЕКІТЕМІН

«Зайсан технология колледжі»
КММ директоры

 Е.Т.Сейтханов

«» 2020 ж.

**ШҚО ТжКБ жүйесі оқу студенттері арасында арнайы пәндер бойынша өтетін
облыстық олимпиада**

ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ. 2020ж

I. Жалпы ереже

1.1 Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының студенттері арасында арнайы пәндер бойынша өтетін облыстық олимпиада (әрі қарай - Олимпиада) «Ауыл шаруашылығы» бағыты бойынша облыстық әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарына сәйкес және Зайсан технология колледжінің 75 жылдық мерейтойы аясында өткізіледі.

1.2 Олимпиаданы өткізу мерзімі: **24 қараша 2020 жыл**. Басталуы: сағат 9.30-да, аяқталуы: сағат 18:00-де.

1.3 Олимпиаданы өткізу форматы: ZOOM платформасы арқылы онлайн режимінде. Қатысушыларға олимпиаданың басталуына 30 минут қалғанда сілтеме жіберіледі.

1.4 Олимпиадаға ШҚО ТжКБ жүйесі оқу орындарының 1504000 «Фермер шаруашылығы» мамандығы 1504062 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы машинисі» біліктілігі бойынша білім алушылар қатыса алады.

1.5 Олимпиадаға қатысу үшін өтінімді **1 қосымшаға** сәйкес ағымдағы жылдың **20 қарашасына дейін pl11z@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

II. Олимпиада өткізудің мақсаты мен міндеттері

Олимпиада мақсаты:

«Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі» мамандығы бойынша кәсіби талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын, заманауи өндірістің талаптарына сай жас мамандардың кәсіби даярлығының сапасын зерделей отырып, мамандығы бойынша үздіктерді анықтау.

Олимпиаданың міндеттері:

2.1. Теориялық білімдерін кеңейту және тереңдету, білім алушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту.

2.2. Білім алушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын жетілдіру және кәсіби ойлауын дамыту;

2.3 Білім алушылардың кәсіптік жағдаяттарда жүйелі әрекет ете білу қабілеттерін тексеру;

2.4 Білім алушылардың алған мамандығына қызығушылығын, өзін-өзі одан әрі жетілдіруге бағдарлануын және шығармашылық белсенді тұлғаны дамытуға тәрбиелеу.

III. Олимпиаданы ұйымдастыру және сараптау

3.1. Олимпиаданың ережесін дайындап, өткізу тәртібін қадағалайтын ұйымдастыру комитеті құрылады. Оның құрамында Шығыс Қазақстан облысы кәсіптік білім беру орталығының әдіскерлері, ауыл шаруашылық бағытындағы облыстық оқу әдістемелік бірлестігі, «Зайсан технология колледжі» КММ (Қосымша 2)

3.2. Олимпиадаға қатысушылардың жұмысына әділ баға беру үшін сараптама алқасы құрылады. Құрамында Зайсан ауданының кәсіпкерлік және ауыл

шаруашылық бөлімінің инспекторы, колледж түлегі, өндірістік тәжірибеден өтетін мекеме «СМУ-ШЫҒЫС» және шаруа қожалығының өкілдері (Қосымша 3)

IV. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1. Олимпиадаға ШҚО ТжКБ жүйесі оқу орындарынан 2 студенттен қатыса алады.

4.2. Олимпиада **2 кезеңнен** тұрады.

1-кезең. Тестілеу:

– тест сұрақтары «Google» нысандары (формалары)-кері байланыс нысандарын құрудың онлайн құралы арқылы әр қатысушыға WhatsApp желісіне сілтеме жіберіліп, жауап беріледі;

– тестілеуге жауап беру кезінде әр қатысушы ZOOM арқылы бейне және аудио қосқыштары қосылған режимде бақылауда болады;

– тестілеу сілтемелері жіберілгеннен кейін әр қатысушы ұйымдастырушылардың арнайы белгі беруі арқылы бір уақытта басталады;

– сілтемеге өткеннен кейін «*Обязательно» белгісі қойылған жолдарды міндетті түрде толтыру қажет;

– тест сұрақтары «Машиналарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Тракторлар құрылысы» пәндері бойынша құрастырылған;

– тест 30 сұрақтан тұрады, әр сұраққа 4 жауап нұсқалары берілген және оның ішінде 1 дұрыс жауап бар;

– әр сұраққа 1-1,5 минуттан, барлығы 30 минут уақыт беріледі;

– берілген уақыт аралығында тест сұрақтарына жауап беріп, «Отправить (жіберу)» батырмасын басу керек;

– әр дұрыс жауапқа 1 баллдан есептеледі;

– тестілеу бойынша ең жоғарғы балл – 30 балл, 15 баллдан 30 балл аралығында ұпай жинаған қатысушылар олимпиаданың 2-кезеңіне өтеді;

– жіберілген тест жауаптарының нәтижелері «Google» нысанынан жүктеліп, берілген критерийге сәйкес ұпай жинаған қатысушылар таңдалады, ұпай саны тең түскен жағдайда тестті орындау уақыты жағынан аз уақыт мөлшері көрсетілген қатысушы таңдалады, нәтижелері ZOOM арқылы көрсетіледі.

2-кезең «Трактор құрылысы» пәні бойынша бейнесұрақтар:

– 2-ші кезеңге 1-кезеңнен жоғары ұпай жинаған қатысушылар қатысады;

– ұяшықтарды таңдау арқылы әр қатысушының жауап беру ретімен бейнесұрақтар таңдалады;

– ұяшықты 1-кезеңнен жоғары балл жинаған қатысушы бастап таңдайды;

– бейнесұрақтар «Тракторлар құрылысы» пәні бойынша дайындалып, кәсіби ситуациялық жағдайларға және кәсіби шеберлік дағдыларын саралауға негізделіп, әзірленді;

– қатысушылар таңдалған реті бойынша бейнесұрақты көріп, тыңдағаннан кейін, қатысушы бірден 10 минут уақыт аралығында жауап беруі қажет;

– қатысушының жауабы төмендегі критерийлерге сәйкес бағаланады;

– жауап бере алмаған жағдайда балл берілмейді.

– басқа қатысушылар толық жауап бере алмаған қатысушының сұрағына жауап беріп, қосымша ұпай алуға болады.

Бейнесұрақтарды бағалау критерийлері:

Білу	Берілген сұрақ бойынша арнайы пәннен өткен тақырыпты еске түсіріп, мағлұмат пен деректерді баяндау маңыздылығын айқындау арқылы жеткізе білуі	10 балл
Қолдану	Берілген сұрақтың жауабын көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану ерекшеліктерін айқындай білуі	10 балл
Жүйелеу (талдау)	Берілген сұрақтың жауабын ажырату, саралау, салыстыру, зерделеу арқылы өз позицияларын нақтылық, логикалық жүйелілік, дәйектілікке негіздеуі	20 балл
Жинақ тау (топтау)	Берілген сұрақтың жауабын тұжырымдау, дамыту, ұсыну, жасау жолдарын айқындай білуі, өзіндік пікірін келтіру, ойын білдіруі	10 балл

Сайысқа қатысушыларға ескертулер! (ескертулер орындалмаған жағдайда қатысушылардың баллдары кемітіледі):

- Олимпиада ZOOM арқылы өткізіледі, әр қатысушы ZOOM қосымшасын смартфондарына жүктеп, аты-жөндерін толығымен жазып дайындайды;
- тестілеу бір рет қана орындалуы қажет. Екінші рет қайтадан орындалып жіберілген жағдайда қатысушының жауаптары қабылданбайды;
- «Google» нысаны арқылы сілтемені ашып, тестілеуді бастағанда «*Обязательно» белгісі қойылған жолдарды міндетті түрде толтыру қажет, толық толтырмаған жағдайда жауап қабылданбайды;
- теориялық тестілеу мен бейнесұраққа жауап беру кезінде қосымша ақпарат беру құралдарын және жетекшінің көмегін, кеңесін пайдаланбау керек. Бұл шартты бұзған жағдайда қатысушының жауабы қабылданбайды;
- Олимпиаданың 2-ші кезеңінде бейнесұраққа жауап бере алмаған қатысушының сұрағына жауап беру үшін ZOOM арқылы 🙋 белгісін жіберу арқылы жауап қабылданады;
- Олимпиаданың өтуі барысында әр қатысушы ZOOM арқылы бейне және аудио қосқыштары қосылған режимде бақылауда болады, сондықтан бейне және

аудио қосулы болуы керек, сөндірген жағдайда жалпы жинаған баллдан 10 балл кемітіледі.

V. Қорытындылау

Әділ қазылар алқасы қатысушылардың 2-кезең бойынша алған ұпайларына сәйкес Олимпиада жеңімпаздарын анықтайды.

VI. Марапаттау

Жоғары балл жинаған қатысушыларға I, II, III орындар беріледі. Жеңімпаздар мен олардың жетекшілері ШҚО кәсіптік білім беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен және Алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушылар мен жетекшілерге сертификаттар табысталады.

Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері:

ШҚО, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, «Зайсан технология колледжі» КММ

Тел.: 8-723-40-29-9-33, 8-701-459-26-96, 8-775-548-42-77

Кабиева Жанар Зиядабековна – әдіскер

Кайракбаев Дастан Кенжебекович - арнаулы пәндер бірлестігінің жетекшісі

Қосымша 1

ШҚО ТжКБ жүйесі оқу студенттері арасында арнайы пәндер бойынша өтетін облыстық олимпиадаға қатысу үшін

Өтінім

1	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	
2	Оқу орнының атауы, мекен-жайы	
3	Мамандығы, біліктілігі, курсы	
4	Е-mail поштасы	
5	Телефон (WhatsApp желісіне қосулы болуы керек)	

Қосымша 2

Ұйымдастыру комитетінің құрамы

	Жұмыс орны, қызметі	Аты, жөні, тегі
1	«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директоры	А. Ақылбек
2	«Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК, ауыл шаруашылық бағытындағы арнайы пәндер оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігінің төрайымы	Г.М. Кусаинова
3	«Зайсан технология колледжі» КММ директоры	Е.Т.Сейлханов

Қосымша 3

Әділ қазылар алқасының құрамы

	Жұмыс орны, қызметі	Аты, жөні, тегі	
1	«Зайсан ауданының кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі» бас маманы, инженер, инспектор	Қасаинов Серік Үкметханұлы	Әділ қазылар алқасының төрағасы
2	«Зайсан технология колледжі» КММ директоры	Сейлханов Ерик Тақанұлы	мүшесі
3	«СМУ-Шығыс» ЖШС механигі	Шалатаев Марат Мнафиянұлы	мүшесі
4	«Қорған» ш/қ басшысы	Амренов Қайрат Шарипбекұлы	мүшесі
5	«Зайсан технология колледжі» КММ директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары	Айтбаев Талант Заркымбекұлы	мүшесі
6	«Зайсан технология колледжі» КММ механигі	Затов Серік Айтбекұлы	мүшесі
7	«СМУ-Шығыс» ЖШС тракторшы-машинисі	Тоқтасынов Ертіс Ерланұлы	мүшесі